

Бекітемін:

ЖШС «Шалқар-Аға» бөбекжай бақшасының

Менгерушісі: _____ А.Медетова



«Үйшік» ертегісі

Тәрбиеші: Д.Аманжолова

2023ж

«Үйшік» ертегісін сахналау

«Үйшік» ертегісін сахналау

Тықырыбы: «Үйшік» орыс халық ертегісі.
Мақсаты: Балаларды «Үйшік» ертегісімен таныстыру. Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Сахналау барысында жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру.
Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: үйшік үйі, кейіпкерлер.
Тәрбиеші: Ерте, ерте, ертеде орманда кіп- кішкентай ескі үйшік тұрған.
Біріне оны қасынан өтіп бара жатқан тышқан көреді.
Тышқан тоқтап: Сүп- сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар?
Тәрбиеші: Ешкім жауап бермейді. Тышқан бос үйшікке кіріп, осында тұрып жатады.
Біраз уақыттан кейін үйшіктің маңына секіріп бақа келеді.

Бақа: - Сүп- сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар?

Тышқан: - Мен тықырлауық тышқанмын! Ал сен кімсің?

Бақа: - Мен бақылдауық бақамын.

- Кел, бірге тұрайық.

Тәрбиеші: - Бақа бақылдап үйшікке секіріп кіреді. Тышқан екеуі тіл табысып, бірге тұрады. Енді үйшік қасына ытқып- ытқып қоян келеді.

Қоян: - Сүп- сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар?

Тышқан: - Мен тықырлауық тышқанмын!

Бақа: - Мен бақылдауық бақамын. Ал сен кімсің?

Қоян: - Мен қорқақ қоянмын!

Екеуі: - Кел, бірге тұрайық.

Тәрбиеші: - Қоянда үйшікке кіреді. Осылай үшеуі бірге өмір сүріпті. Алыстан бұл үйшікті түлкі көреді. Ақырын басып жақын келіп, терезені қағады.

Түлкі: - Сүп-сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар ?

Тышқан: - Мен тықырлауық тышқанмын!

Бақа: - Мен бақылдауық бақамын!

Қоян: - Мен қорқақ қоянмын! Ал сен кімсің?

Түлкі: - Мен қу түлкімін.

Үшеуі: - Кел, бірге тұрайық.

Тәрбиеші: - Үйшіктен түлкіге де орын табылады. Достар енді төртеу болады. Үйшікке тілі салақтап, айналасына алақ- жұлақ қарап қасқыр жетеді. Ол есікті қағып, қырылдаған даусымен:

Қасқыр: Бұл үйшікте кім бар?

Тышқан: -Мен тықырлауық тышқанмын!

Бақа: - Мен бақылдауық бақамын!

Қоян: - Мен қорқақ қоянмын!

Түлкі: - Мен қу түлкімін! Ал сен кімсің?

Қасқыр: -Мен сұр қасқырмын!

Бәрі: - Кел, бірге тұрайық.

Тәрбиеші: -Қасқыр қысыла- қымтырыла ішке кіреді. Әйтседе кіп – кішкентай үйшікке бесеуіде сыйып кетеді. Барлығы қосылып ән айтады. Тату –тәтті өмір сүреді. Бір күні жидек-теріп жүрген аю үйшік тұрғындарының салған әнін естиді. Ол үйшікке жақын

келіп, бар даусымен:

Аю: Сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар?!

Тышқан: -Мен тықырлауық тышқанмын!

Бақа: - Мен бақылдауық бақамын!

Қоян: - Мен қорқақ қоянмын!

Түлкі: - Мен қу түлкімін!

Қасқыр: - Мен сұр қасқырмын! Ал сен кімсің?

Аю: - Мен қорбанбай аюмын!

Бәрі: - Кел, бірге тұрайық.

Тәрбиеші: - Аю ары- бер тырбандап үйшікке кірмекші болады. Бірақ оның басы сипенімен денесі сыймайды. Амалы таусылған аю:

Аю: Ендеше, мен үйшіктің шатырына шығып тұрайын.

Бәрі: - Жоқ, қара қандай дәусің! Сені кішкентай үйшігіміз көтере алмайды. Қиратасың ғой.

Аю: - Қорықпандар түкте болмайды.

Тәрбиеші: - деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды.

Үйшіктің тұрғындары амалсыздан келіседі. Аю қорбандап үйшіктің төбесіне шығады.

Сол ақ екен , ескі үйшік сықырлап шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бақылдауық бақа, қорқақ қоян, қу түлкі, сұр қасқыр барлығы аман – есен үйшіктен шығып үлгереді.

Аюға олар ренжімейді. Қайта , барлығы бірігіп , бөреңелерді тасып , тақтайларды сүргілеп , жаңа үйшік тұрғызуға кірісіп кетеді. Осылайша, достар өздеріне әп – әдемі, жаңа үйшік тұрғызып алады.

Күтілетін нәтиже.

Негізгі білу керек: "Үйшік" ертегісінің мазмұнын түсінді

Негізгі білді: жағымды- жағымсыз кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру.

